

Ауыл шаруашылығы жануарларының кейбір инфекциялық ауруларының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің Ветеринариялық ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 502 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3155. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. Қоса берілгендер бекітілсін:

1) Қой шешегінің алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі;

2) Ірі қара мал паратуберкулезінің алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі;

3) Жануарлар трихофитиясының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі.

2. Ветеринария департаменті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстардың және Астана, Алматы қалаларының аумақтық басқармаларымен бірге, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес, осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктердің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторларына жүктелсін.

Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің

"Ауыл шаруашылығы жануарларының

кейбір инфекциялық ауруларының

алдын-алу және жою бойынша шараларды

жүргізудің Ветеринариялық
ережелерін бекіту туралы"
2004 жылғы 16 қыркүйектегі
N 502 бұйрығымен бекітілді

Ірі қара мал паратуберкулезінің алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі

Осы Ірі қара мал паратуберкулезінің алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі (кейін - Ветеринариялық ереже) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалармен орындалуға міндетті ветеринариялық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Паратуберкулез (ірі қара малының паратуберкулезді энтериті) Paratuberculosis Enteritis paratuberculosa - жай дамидытын продуктивті энтеритпен сипатталатын, созылмалы инфекциялық ауру. Клиникалық өту барысында прогрессивті жүдеу және кейде мезгілді диарея байқалады.

2. Қоздырушының көзі ауру малдар болып саналады. Аурудың пайда болуы мен таралуына қолдау болатын жағдайлар: толық құнды азықтандырмау нәтижесінде (қышқыл азық, минералды жетіспеушілік) мал организмнің жалпы тұрақтылығының төмендеуі; құрттық инвазия; суықтың және ыстықтың әсері. Қоздырғыш нәжіспен бірге бөлінеді. Қалыпты жағдайда зақымдану негізінен нәжіспен ластанған жем мен су арқылы болады. Аса қауіп төндіретіні латентті (жасырын) ауру малдар, олар инфекцияның тұрақты көзі болып табылады.

3. Ірі қара малдың паратуберкулезді энтеритіне алғашқы диагноз эпизоотологиялық мәліметтер, ауруға тән клиникалық белгілердің (тәбеттің сақталуына қарамастан прогрессивті жүдеу, диарея, жақ асты кеңістіктің және төс астының домбығуы, шөлдеу белгілері) негізінде міндетті түрде жеке малдарды диагностикалық сою және патологоанатомиялық сараптау жүргізу арқылы қойылады. Бактериологиялық зерттеу үшін лабораторияға кілегейлі қабықтың жұлындыларымен, кілегейімен бірге нәжіс, ал өлекселер мен сойылған малдардан - ішектің және лимфа түйіндерінің зақымданған аймақтарын жібереді. Тірі кезінде диагноз қою үшін аллергиялық сынама жүргізеді.

Паратуберкулезді энтерит бойынша таза емес шаруашылық субъектілерінде ауру жануарларды аурудың ерте сатыларында (клиникаға дейінгі түрі) қанның сары суын зерттеу арқылы анықтайды. Жануарлар 18 айдан бастап

паратуберкулезге серологиялық зерттеледі.

Паратуберкулезге диагноз қою кезінде ішектің туберкулезінен, алментарлық энтериттен, құрттық инвазиялардан, кокцидиоздан, молибденмен уланудан және мыстың жетіспеушілігінен ажырату қажет.

2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын-алу шаралары

4. Ірі қара малдың паратуберкулезінің пайда болуының және таралуының алдын алу үшін шаруашылық субъектілерінің жетекшілері, ветеринариялық мамандар, сондай-ақ мал иелері:

1) шаруашылық субъектілеріне ірі қара малдың паратуберкулезінен таза емес шаруашылықтардан жануарларды енгізуге (кіргізуге) жол бермеу қажет;

2) шаруашылық субъектілеріне келетін барлық жануарларды 30 күн ішінде оқшаулап ұстау керек;

3) жануарларды жылына екі реттен кем емес клиникалық тексеруді қамтамасыз ету керек: жайылымға шығару алдында және күзде қыстаққа тұрғызу алдында, бұдан басқа сиырларды төлдегеннен кейін;

4) жайылымдарды, суару жерлерін, мал шаруашылығы фермаларын, қораларды және жануарларды ұстайтын басқа да жерлерді қалыпты ветеринариялық-санитариялық жағдайда ұстау қажет;

5) паратуберкулезден таза емес пункттердің жануарларымен басқа ірі қара малдармен, жеке қолданыстағы малдармен жанасуына, сондай-ақ жануарлардың әр түліктері мен әр жастағы топтарын бірге ұстауға жол бермеу қажет;

6) жануарлардың организмінің резистенттілігін күшейту үшін рационды ақзат, минералды заттар, микроэлементтер мен витаминдер бойынша құрастыру қажет;

7) жануарлардың рационы қышқылды жеммен күшейтілген бір жақты азықтандыруға жол бермеу.

3. Паратуберкулезден таза емес пункттерде және эпизоотиялық ошақтарда жүргізілетін шаралар

5. Шаруашылық субъектисінде паратуберкулез анықталған жағдайда ветеринариялық маман дер кезде сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына хабарлайды.

6. Сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы паратуберкулез ауруының пайда болуы туралы хабар алғаннан кейін тез арада ауру шыққан жерге келеді және таза емес пункттің індет ошағының шекарасын анықтау мен эпизоотологиялық тексеруді ұйымдастырады. Диагноз

кою үшін ауру малдардан патологиялық материалдар алады және оны ветеринариялық лабораторияға жібереді.

7. Ақырғы диагноз қойылған жағдайда шаруашылық субъектісінің аумағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес карантин қойылады.

8. Шектеу шараларының талаптары бойынша:

1) диагноз қойылғаннан кейін барлық жануарларды клиникалық тексереді;
2) аурудың клиникалық белгілері бар жануарларды шығарып, етке союға жібереді;

3) қалған ірі қара мал басын паратуберкулезге тексереді;
4) сауықтырылып жатқан табынның жануарларының қан сары суына кейінірек серологиялық зерттеу мен аллергиялық тексеруді жылына 2 рет - көктем мен күзде жүргізеді;

5) мал басын тоқсанына бір рет клиникалық тексереді, паратуберкулездің клиникалық белгілері бар жануарларды аллергиялық және серологиялық зерттеулердің нәтижесіне қарамастан етке союға жібереді;

6) екінші рет зерттеген кезде оң немесе күдікті реакция берген жануарларды етке союға жібереді, қалғанын жалпы табынға қайтарады;

7) сойылған жануарлардан алынған материалдарды барлық жағдайда бактериологиялық және гистологиялық зерттеулерге жібереді;

8) паратуберкулезбен ауру сиырлардан алынған төлдерді етке союға жібереді, аурудан таза емес табынның сау сиырларынан алынған төлдерді ересек жануарлардан бөліп, 5 (бес) күн бойы уызбен азықтандырады, содан кейін арнайы бөлініп берілген фермада пастерленген сүтпен немесе көксүтпен өсіреді. Содан кейін оларды паратуберкулезге зерттейді;

9) паратуберкулезден таза емес шаруашылық субъектілерінен сау төлдерді қолайлы шаруашылық субъектілеріне шығаруға осы Ветеринариялық ереженің талаптары орындалып өсірілген және аллергиялық зерттеулері теріс нәтиже берген жағдайда рұқсат етіледі.

9. Паратуберкулезден таза емес пункттің жануарларын клиникалық, серологиялық, аллергиялық және микроскопиялық зерттеулер негізінде 3 топқа бөледі:

1) клиникалық белгілері бар және серологиялық зерттеген кезде оң нәтиже берген жануарлар союға жіберіледі, ауру сиырлардан алынған бұзаулар етке жіберіледі;

2) аллергиялық және серологиялық реакцияларда оң нәтиже берген, бірақ клиникалық белгілері байқалмаған жануарлар оқшауланып жеке ұсталады, микроскопия, серологиялық және аллергиялық зерттеулер жүргізіледі, диагностикалық сынамалардың біреуі оң нәтиже берген жағдайда жануарлар

с о ю ғ а

ж і б е р і л е д і ;

3) клиникалық белгілері жоқ және агглютинация реакциясы мен комплемент байлау реакциясында теріс нәтиже берген шартты сау жануарлар 3 айда бір рет аллергиялық және серологиялық зерттеледі, оң нәтиже берген малдар оқшауланады және союға жіберіледі.

10. Паратуберкулездік энтериттен таза емес пунктте жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық шаралар:

1) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының рұқсатынсыз малдарды қайта топтастыруға тиым салады;

2) мал қоралары мен алаңдарының қалыпты санитариялық жағдайын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) мал шаруашылығы бөлмелерінде механикалық тазалау, мал бағылатын жерлердің, әр зерттеуден кейін құралдар мен басқа да жабдықтардың кезекті д е з и н ф е к ц и я с ы жү р г і з е д і ;

4) ауру малдардың және ауруға күдікті малдардың қиын жағады, шартты сау малдардың қиын биотермиялық әдіспен зарарсыздандырады;

5) сауын сауу қондырғысы мен сүт ыдыстарды күнделікті залалсыздандыруды қамтамасыз етеді;

6) сиырлардың төлдеуін арнайы төлдеу бөлмелерінде жүргізеді, жолдастарын су өтпейтін ыдысқа жинап, залалсыздандырады;

7) алғашқы уыз жеке ыдысқа сауады да, қайнату арқылы залалсыздандырады, шартты сау малдардан алынған сүт 85 ° С температурада 30 (отыз) минут п а с т е р л е й д і ;

8) жануарларды жабық су көздерінен суаруды ұйымдастырады, малдардың қиымен ластанбауы үшін арықтарды, орларды, үлкен су көлдерін қоршайды.

11. Паратуберкулезден таза емес пунктте соңғы ауру мал бөлінгеннен кейін 3 (үш) жыл өткен соң, диагностикалық зерттеулердің 4-рет теріс нәтижелері алынып, қорытынды ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізілгеннен кейін, шектеу шараларын алу үшін сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен ұсыныс беріледі.

12. Басқа малдардың (қой, ешкі, түйе мен басқа да күйіс қайтаратын малдар) паратуберкулез ауруына қарсы күрес шаралары - клиникалық ауру малдарды анықтау, оларды союға жіберу және осы Ветеринариялық ережеде көрсетілген ветеринариялық-санитариялық және ұйымдастырушылық-шаруашылық шараларын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің

"Ауыл шаруашылығы жануарларының

кейбір инфекциялық ауруларының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің Ветеринариялық ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 502 бұйрығымен бекітілді

Қой шешегінің алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі

Осы Қой шешегінің алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі (кейін - Ветеринариялық ереже) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалармен орындалуға міндетті ветеринариялық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Шешек (Variola) - интоксикация белгілерімен, қызбамен, тері мен кілегейлі қабықтарда іріңді-күлдіреуік бөрттіктердің пайда болуымен сипатталатын жануарлар мен адамдардың жіті өтетін контагиозды инфекциялық ауруы.

2. Аурудың көзі ауру қойлар мен инкубациялық мерзімдегі вирус алып жүрушілер болып табылады. Вирус организмнен мұрыннан, көзден аққан ақпалармен, сілекеймен, шешектік қабыршақтармен бірге бөлінеді. Күтіп-бағу құралдары, жем-шөп берілу факторлары болып саналады.

Қоздырғыштың негізгі берілу жолдары - тыныс алу жолдары (респираторлы) және сыртқы тері қабығы арқылы.

3. Диагноз клиникалық-эпизоотологиялық мәліметтердің, патологоанатомиялық өзгерістердің, лабораториялық зерттеулердің (жұғындының микроскопиясы және қажет болғанда бейім қойларға биосынама жасау) негізінде қойылады.

Шешектің алғашқы сатысын саңырауқұлақтық паршадан, кене қышымасынан, іріңді жұқпалы емес экземадан, сондай-ақ қойдың контагиозды күлдіреуік дерматитінен ажырату қажет.

2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын-алу шаралары

4. Шешек ауруының пайда болуы мен таралуының алдын алу үшін:

1) шаруашылық субъектілеріне қойдың шешек ауруынан таза емес

аймақтардан келген қойларды, азық пен құралдарды енгізбеу (кіргізбеу) қажет;

2) шаруашылық субъектілеріне келген барлық қойларды 30 (отыз) күн о қ ш а у л а п ұ с т а у к е р е к ;

3) қойлардың жай-күйіне жүйелі түрде ветеринариялық бақылауды жүзеге а с ы р у к е р е к ;

4) отарларға, сондай-ақ жайылым аймақтарына, суару жерлері мен айдау жолдарына тұрақты түрде қызмет көрсететін адамдарды бекіту қажет.

5. Қойдың шешек ауруы бойынша қауіпті аймақтағы шаруашылықтың және елді-мекеннің барлық қойларын, сонымен бірге осы ауру бойынша таза емес мемлекеттермен шектесіп жатқан шекаралас аудандардың территориясында орналасқан аудандардың қойларын жылына 2 рет, вакцинаны қолдану бойынша инструкциясына сәйкес, шешек ауруына қарсы профилактикалық вакцинациялау қ а ж е т .

Қойдың шешек ауруы жойылған соң кейінгі үш жыл бойы сол таза емес пункттің барлық қойларын вакцинациялау қажет.

3. Шешектен таза емес пункттерде және эпизоотиялық ошақтарда жүргізілетін шаралар

6. Шаруашылық субъектисінде қойларда шешек ауруына күдік пайда болған жағдайда ветеринариялық маман тез арада сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына хабарлайды.

7. Сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы қойдың шешек ауруының пайда болуы туралы хабар алғаннан кейін тез арада ауру шыққан жерге келеді және таза емес пункттің індет ошағының шекарасын анықтау мен эпизоотологиялық тексеруді ұйымдастырады. Диагноз қою үшін ауру малдардан патологиялық материалдар алады және оны ветеринариялық лабораторияға жібереді.

8. Ақырғы диагноз қойылған жағдайда шаруашылық субъектисінің аумағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес карантин қойылады.

9. Карантиннің талаптары бойынша тиым салынады:

1) шешектен таза емес пункттерге жануарлардың барлық түрлерін енгізуге (кі р г і з у г е) ж әне ш ы ғ а р у ғ а ;

2) малдан алынатын шикізатты шешектен таза емес пунктте дайындауға және одан ерте дайындалған шикізатты шығаруға;

3) шаруашылық субъектисінің ішінде малдарды қайта топтастыруға, сондай-ақ ауру қойларды сау малдардың барлық түрлерімен бірге жаюға, суаруға ж әне ұ с т а у ғ а ;

4) аурудан таза емес мал топтарын күтіп-бағумен айналыспайтын адамдарды ауру малдар тұрған бөлмелерге және оларды күтіп-бағатын жерлерге жіберуге:

5) карантин қойылған аймақта малдар мен мал өнімдерін сатуға, көрмелер жүргізуге, жәрмеңке, базар ашуға, сондай-ақ малдардың, адамдардың және көліктердің жиналуымен байланысты басқа да шаралар жүргізуге;

6) шешекпен ауру қойлармен жанасқан жем-шөп (пішен, сабан және тағы да басқа) шығаруға тиым салынады. Ол жем-шөпті сол жерде (шаруашылықта) шешек ауруына бейім емес малдарға немесе ауру және шешекпен ауырып жазылған қойларға береді;

7) қойдан алынған сүтті және одан алынатын өнімдерді залалсыздандырылмаған күйінде қолдануға. Карантин қойылған шаруашылықта қойдан алынған сүт 85 ° С температурада 30 минут пастеризация жолымен немесе 5 минут қайнату арқылы залалсыздандырылады, кейін ол сүтті сол шаруашылықта қолданады;

8) қойдың шешек ауруынан таза емес пункттің аймағы арқылы көліктің жүруіне тиым салынады. Бұндай жағдайда көліктің белгіленген жеріне жету үшін - айналма жолдары көрсетілу қажет;

9) карантин алынғанға дейін шешек ауруынан таза емес қойларды қыркуға.

10. Шешектен таза емес пунктте барлық малдарға ветеринариялық тексеру мен тіркеу жүргізеді және мал иелеріне оларды карантин кезінде күтіп-бағу ережелерін жариялайды.

Шешекпен ауру қойлар мен қозыларды оқшаулайды және емдейді, клиникалық сау малдар шешекке қарсы, вакцинаны қолдану бойынша инструкцияға сәйкес, егіледі.

11. Шешекпен ауру және ауруға күдікті қойларды сойғаннан кейін алынған етті және басқа да өнімдерді санитариялық бағалау мен қолдану, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 31 қазан 2002 жылғы N 351 "Ветеринария саласындағы кейбір нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 27 желтоқсан 2002 жылы N 2105 тіркелген, Сойылатын малдарды сою алдында ветеринариялық тексеру және сойғаннан кейін ұшалар мен органдарды ветеринариялық-санитариялық сараптау және оларды санитариялық бағалау ережесіне сәйкес, жүзеге асырылады.

12. Шешектің клиникалық белгілерімен өлген қойлардың өлекселерін жағу арқылы жояды. Ондай өлекселердің терілерін алуға және оларды қолдануға тиым салынады.

13. Ошақтағы мал қораларын, жабдықтарды, серуендету алаңдарын, қоршауларды және ауру малдар болған басқа да жерлерді карантиннің барлық

мерзімі кезінде қорытынды дезинфекция жүргізілгенге дейін әр 5 күн сайын дезинфекциялайды.

Қи биотермиялық әдіспен залалсыздандырылады.

14. Таза емес пунктте соңғы шешек ауруымен ауырып жазылған, өлген немесе ауру қой сойылғаннан кейін 20 күн өткен соң, карантинді алу үшін сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен ұсыныс беріледі.

15. Карантинді алудың алдында:

1) барлық мал қораларын және ауру малдар тұрған серуендету алаңдары мен қоршаулардың аумағын, жабдықтар мен көлікті міндетті түрде тазалайды және қорытынды дезинфекция жүргізеді;

2) шешек ошағында болған қойлар мен басқа да малдарды тоғытуға жібереді.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

"Ауыл шаруашылығы жануарларының

кейбір инфекциялық ауруларының

алдын-алу және жою бойынша шараларды

жүргізудің Ветеринариялық

ережелерін бекіту туралы"

2004 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 502 бұйрығымен бекітілді

Жануарлар трихофитиясының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі

Осы Жануарлар трихофитиясының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі (кейін - Ветеринариялық ереже) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалармен орындалуға міндетті ветеринариялық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Трихофития (дерматомироз, қысаға) - Trichophytia - патогенді саңырауқұлақтар қоздыратын, теріде айқын шектелген қабыршақтанған аймақтарда ұштары қырқылған жүндердің пайда болуымен, терінің айқын қабынуымен, серозды-іріңді экссудаттың бөлінуімен және қалың қабықшаның түзілуімен сипатталатын инфекциялық ауру.

2. Трихофитиямен зақымданудың негізгі көзі ауру малдар болып табылады және инфекцияның таралуында мал қораларын ластайтын ауру малдың зақымданған тері қабыршақтары, жүні, шашы қауіп төндіреді.

3. Диагноз эпизоотиологиялық, клиникалық және лабораториялық зерттеулер негізінде қойылады. Микроскопиялық зерттеулер үшін зақымданған жердің шеттерінің терісі мен жүнінен қырынды алынады. Қырында скальпель арқылы, ал жүні пинцетпен терінің әрбір жерінен жұлынып алынады. Патологиялық материалдар қағаз пакеттерде немесе кең пробиркаларда лабораторияларға жіберіледі.

Трихофитияны қышымадан, демодекоздардан, экземадан және сыздауықтан ажырату қажет, сондай-ақ ең бастысы клиникалық-эпизоотиологиялық мәліметтер мен микроскопия нәтижелерін зерттеу негізінде микроспориядан және фавустан ажырату қажет.

2. Ветеринариялық-санитариялық таза аймақтарда жүргізілетін алдын-алу шаралары

4. Аурудың алдын-алу үшін малдарды күтіп-бағудың және ұстаудың ветеринариялық-санитариялық ережелерін сақтау қажет.

5. Трихофитияның алдын-алу бойынша профилактикалық шаралар жаз айларында жүргізіледі.

6. Мал қораларының аумағындағы қиды толық зарарсыздандырады, содан кейін мал шаруашылығы бөлмелерін профилактикалық дезинфекциялайды. Малдарды қыстауға ауыстыру алдында барлық мал басын клиникалық тексереді. Ауруға күдікті немесе ауру малдар анықталған жағдайда, диагноз анықталып, емдеу жүргізіледі.

7. Малдарды қыстауға тұрғызған кезеңде мал қораларына айына бір рет, ал жаңа туған төлдерді ұстайтын сиыр қораларына айына 2 рет дезинфекция жүргізеді және мал қоралары таза, құрғақ және онда жеткілікті мөлшерде төсеніш болуы қажет.

8. Шаруашылық субъектілеріне жаңадан келген малдарды 15 (он бес) күн ішінде карантинде ұстайды. Сол мерзім ішінде малдарды тері ауруларына тексереді.

9. Қызмет көрсететін адамдар тері ауруларын анықтаудың қарапайым әдістерімен және жеке профилактика ережелерімен таныс болуы қажет.

10. Жалпы алдын-алу шараларымен бірге бір мезгілде, аурудың алдын-алу үшін қолдану бойынша инструкцияларына сәйкес, вакциналармен малдарды иммунизациялайды.

3. Трихофитиядан таза емес пункттерде және эпизоотиялық ошақтарда жүргізілетін шаралар

11. Шаруашылық субъектісінде трихофития ауруы анықталған жағдайда ветеринариялық маман сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына тез арада хабарлайды.

12. Сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторы трихофития ауруының пайда болуы туралы хабар алғаннан кейін тез арада ауру шыққан жерге келеді және таза емес пункттің індет ошағының шекарасын анықтау мен эпизоотологиялық тексеруді ұйымдастырады. Диагноз қою үшін ауру малдардан патологиялық материалдар алады және оны ветеринариялық лабораторияға жібереді.

13. Ақырғы диагноз қойылған жағдайда шаруашылық субъектісінің және елді мекеннің аумағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес шектеу шаралары қойылады.

14. Шектеу шараларының талаптары бойынша:

1) етке союға жіберілген малдардан басқа жануарларды енгізуге (кіргізуге) және шығаруға тиым салынады;

2) сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының рұқсатынсыз малдарды қайта топтастыруға тиым салынады;

3) ауру малдарды ұстаған бөлмелерге, тазалау мен дезинфекция жүргізгенге дейін сау малдарды кіргізуге;

4) ауру малдар болған бөлмелерде механикалық тазалау мен дезинфекция жүргізіледі;

5) жануарлардың жасын және пайдалану бағытын ескере отырып, күтіп-бағу, ұстау мен азықтандыру бойынша ветеринариялық-санитариялық ережелерді қатаң сақтайды;

6) трихофитияға бейім барлық жануарлардың тері қабатын 5 (бес) күнде бір рет тиянақты тексереді;

7) ауру және ауруға күдікті жануарларды жекеленген топтарға топтастырады және емдейді (микроспориямен ауру мысықтарды жою қажет);

8) жайылым кезеңінде ауру малдарды жеке топтармен жаяды;

9) ауру малдарды арнаулы бөлінген жерде емдейді;

10) өңделгеннен кейін алынған жүнді, тері қабыршақтары мен мақтаны жағу керек, құралдарды қайнатады, ал малдарды өңдеген жерді дезинфекциялайды;

11) қиды биотермиялық өңдеуге жібереді;

12) қайта кезекті дезинфекцияны 10 (он) күнде бір рет жүргізеді.

15. Соңғы клиникалық ауру мал бөлінгеннен кейін 2 (екі) айдан соң, бөлмелерде қорытынды дезинфекция жүргізілгеннен кейін, шектеу шараларын

алу үшін сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен ұсыныс беріледі.

16. Бұрыннан жануарлардың трихофитиясынан таза емес шаруашылықтарда профилактикалық вакцинация, ветеринариялық препараттардың қолдану инструкциясына сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК